

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Облыс егіншілері! Біздің облысымыз үшін колхоздар мен совхоздарда егіс жұмыстарын орындаудың ең шешуші әрі жауапты кезеңі өтіп барады. Сондықтан егісті таяудағы күндердің ішінде әрбір дақыл бойынша агротехникалық ең қысқа мерзімде сапалы өткізуге колхоздар мен совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігін жұмылдырып, ауылшаруашылығы дақылдарының бүкіл егіс көлемінен мол өнім алудың берік негізін қалайтын болайық!

ы сапада дың негізі

дың бестен бір бөлегі

оздар мен совхоздарда қарқыны баяу болуда қанағаттанғысыз. Приешім және жосалда келе жатыр дерыннан көп мысалдар Совет ауданының «Путь озьинда егістік алаңның яқты факті орын алды. ы Сталин атындағы га таяу егіс алаңы апасы төмен тұқым ағы «Қызыл жұлдыз» шалы егіс кестесінің рілді. Бұл жағдайлардандық ауылшаруашы ылары мен агроном- Тимирязев МТС-нің ы Страшко жолдас еледі, тіпті олар кол- ікалық шаралардың дігіне көп реттерде індықтарын көрсетіп

30 жылдығы», Биров атындағы және «Иск егіс жұмыстарының ежелерінің бұзылып

Каганович атындағы колхоз егісті аяқтады!

Облыс егіншілері! Техника және көлік күшін толық пайдаланып, егіс жоспарын таяудағы күндердің ішінде орындап шығайық, сөйтіп, 1952 жылы барлық дақылдардың өнімі мен жалпы түсімін едәуір арттыру арқылы елімізде аздық-пәулік молшылығын жасау ісіне келелі үлес қосайық!

☆

☆

☆

☆

Большевиктік үгіттің нәтижесі

Колхоз партия ұйымының үгітшілер тобы өзінің барлық жұмысын Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Көктемгі егіс кезіндегі саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары туралы» қаулысы қойған талаптарға сай жүргізді. Бұл мақсатта көктемгі дала жұмыстары басталар алдында партия ұйымының ашық жыйналысы шақырылды. Оған коммунистермен бірге, колхоз басқармасының партияда жоқ мүшелері, селолық Советтің депутаттары, мектеп оқытушылары және басқа активтер қатысты. Жыйналысқа қатысушылар көктемгі егіске әзірлік кезіндегі саяси-бұқаралық жұмыстың жайына қорытынды жасап, алдағы міндеттерді талқылады.

Сөйтіп, партия жыйналысы көктемгі егіс кезіндегі саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен өрістетуге, оның барлық әсерін көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде өткізуге бағыттау жөнінде қаулы алды.

Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың егіншілері көктемгі егіс жұмыстарын алғашқы күннен бастап зор ұйымшылдықпен жүргізді. Егіске материалдық-техникалық қорлар жаппай жұмылдырылды. Көктемнің әрбір күні, әрбір сағаты жете пайдаланылды. Міне, осының нәтижесінде, бұл колхоз көктемгі егіс жоспарын 10 жұмыс күні ішінде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтап шықты.

Төменде Каганович атындағы колхоздың егіншілеріне сөз беріп отырмыз.

Сағаттық графикпен

Біз егіс жұмыстарына кіріспестен бұрын жұмысымызды ұйымдастырудың жолдарын белгілеп алғанбыз. Бригада мүшелері онда сағаттық графикпен екі сменада жұмыс істеуге келіскен болатын. Біз сөзімізде тұрдық. Бригадада сағаттық график бұлжымас заңға айналды. Әрбір тракторшы сағаттық графикпен жұмыс істеуге көшті.

Сағаттық графикті есепші жасайды. Бұл жөніндегі бланкіге жұмыс көлемі жөніндегі тапсырма жазылады, әрбір агрегат жер участогін неше айналғанда тапсырма орындалады, бланкіде ол да көрсетіледі. Сменадан кейін мен өзім бір күнді жұмыстың қорытындысын шығардым. Онда сағаттық графикті маңызы

тұқымды мерзімінде жеткізіп тұрды. Сөйтіп, тракторшылардың үздіксіз жұмыс істеуіне қолқабыс етті. Машиналарға жанар май бұрада үстінде күйілді.

Тракторшылар машинаны техникалық жағынан күтуді тыңғылықты ұйымдастырды. Әрбір техникалық күту ісіне алдын-ала әзірлік жүргіземіз. Аспаптар, бөлшектер күнібұрын дайындалып, әзірленгеннен кейін ғана тракторларды техникалық жағынан байқауға кірісеміз. Бұл іске тракторшылармен бірге, тіркеушілер де, тұқым себушілер де қатысады. Істі осылай ұйымдастыру нәтижесінде техникалық байқауға аз уақыт жұмсалады.

Біздің бригаданың мақалалары

Егістің сапасы үшін күрес

Біздің колхоздың егіншілері көктемнің кеш шығуын ескеріп, егіс жұмыстарын алғашқы күннен бастап асқан ұйымшылдықпен жүргізді. Барлық машиналар жұмысқа қосылып, олардың қуаты сарқа пайдаланылды. Егіс жұмыстары үшін әрбір күн, әрбір сағат уақыт жете пайдаланылды. Міне, соның нәтижесінде, колхозымыз егіс жұмыстарын 10 күн ішінде аяқтап, мол өнімнің алғашқы негізін қалады.

Егістік алаңның ылғалын сақтау — егіннен мол өнім алудың аса маңызды шарттарының бірі. Бүкіл егістік жердің қары кетіп, құрғауын күтпей-ақ біз 1350 гектар пар мен зябь жыртылған жерді, 453 гектар көпжылдық шөп егілген алаңды 2—3 жұмыс күні ішінде тырмалап болдық. Мұнымен қатар, қолдағы бар 1500 центнер тұқымды дәрілеуге кірістік. Тұқымдық дән ауада кептіріліп, жылытылды. Күздік егіс жергілікті тыңайтқыштармен қоректендірілді.

совхоз коллективі едәуір жұмыстар істеді. Сөйтіп, олар егіс жұмыстарын 9 күн ішінде толық аяқтап шықты. Егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындағандардың ішінде Ұзынкөл астық совхозының бірінші бөлімшесі де бар. Мұның өзі бүкіл совхоз бойынша жоспардың таяудағы күндер ішінде толық орындалуына мүмкіншілік тұрғызып отыр.

Алайда, облысымызды тұтас алғанда, егіс жұмыстарының барысы әлі қанағаттанғысыз, жұмыс қарқыны бұрынғысына әлі баяу. Осының салдарынан, егіс жоспары 10 майға дейін колхоздар бойынша 33,6 процент қана орындалып отырса, совхоздарда зор мүмкіншіліктің бар екендігіне қарамастан, жоспардың күні бүгінге дейін үштен бір бөлегі орындалмай қалып отыр. Егіс жұмыстарын, әсіресе, Мамлют, Октябрь, Соколов, Полудень және Булаев аудандары ойсыраған олқылыққа ұшыратты. Бұл аудандарда жоспардың орындалуы 19—31 проценттен аздап қана асты. Ал, ең артта қалған Мамлют ауданында 10

бағаламаушылыққа үзілді-кесілді тыйым салуға міндетті. Өйткені, бұл — жұмыс қарқынын тездетуге қолқабыс етеді, ал, керісінше, жұмыс қарқыны баяу болып, егіс жұмыстары кешеуілдей берсе, жұмыста асығыстық болады да, сапасыздықтың орын алуына жол беріледі. Міне, осыған байланысты, бастауыш партия ұйымдары егіншілер арасында егіс жұмыстарының сапасын жақсарту жөніндегі үгіт-бұқаралық жұмыс пен социалистік жарысты кеңінен өрістетуге тиіс.

Облыс егіншілері! Біздің облысымыз үшін колхоздар мен совхоздарда егіс жұмыстарын орындаудың ең шешуші әрі жауапты кезеңі өтіп барады. Сондықтан егісті таяудағы күндердің ішінде әрбір дақыл бойынша агротехникалық ең қысқа мерзімде сапалы өткізуге колхоздар мен совхоздардың барлық күш-мүмкіншілігін жұмылдырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының бүкіл егіс көлемінен мол өнім алудың берік негізін қалайтын болайық!

—00—

Шахмат ойыны

ССРО Министрлер Советі жанындағы спорт және физкультура істері жөніндегі комитет шахмат бойынша XX рет елде бірінші орын алу үшін ойнау тәртібін бекітті.

Жартылай финалдық жарыстар 15 майда, бір мезгілде 4 қалада басталады. Оларға Ленинград, Минск, Рига және Сочи жатады. Жартылай финалдық турнирлерге қатысушы 72 адамның ішінде

5 күшті совет шахматшылары бар: 3 гроссмейстер, 46 мастер және мастерлерге кандидаттықта жүрген 21 адам.

Әрбір топтың жеңімпаздары осы жылы ноябрь айында Москвада болатын еліміздің алдыңғы қатарлы шахматшыларының финалдық ойынына қатысуға право алады.

(СОТА).

Футболшылар жарысы

Москвада «Сталинец» стадионында 12 май күні «А» класы футболшылары командаларының жолдастық кездесулері болды. «Зенит» командасының (Ленинград) футболшылары «Крылья Советов»

(Куйбышев) командасымен ойнады. Ойын ешкімнің пайдасына шешілген жоқ.

Жарыста Москвада қонақтап жатқан судья Г. Александрович (Польша Республикасы) билік айтты.

(СОТА).

Колхозда көктемгі егістің қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқталуы, міне осындай саяси-бұқаралық жұмыстың нәтижесі. Біз колхозшы шаруалар мен механизаторлар арасындағы большевиктік үгітті мұнан былай да кеңінен өрістете береміз.

В. ЛИЗУН,

«За высокий урожай» қабырға газетінің редакторы, үгітші.

үстінде анықталады. Егерде трактордың участокті бірінші айналғандағыдай шапшаңдықпен жүргізгенде, тапсырманың орындалмай қалу қаупі туатын болса, онда трактордың жылдамдығын арттырудың шараларын қолданамыз.

Агрегатқа берілген тапсырманы орындау үшін смена сайын ұйымшылдықпен жұмыс істеп, әрбір минут уақытты бағалауымыз, оны босқа өткізбеуіміз керек. Бұл жалғыз тракторшының қолынан

ісменен егістік алды. Асырма үні Мұның өзінде орыс Агрегат істің шебі біздің таб

Жоспардан тыс егіс е

Біздің колхоздың егіншілері бйылығы жылы барлық егіс көлемінен 100 пұттан, ал, жоғары өнімді участоктегі 240 гектар бидайдың әрбір гектарынан 134 пұттан өнім алуға міндеттеніп, сөрт берді.

Берген сертіне берік болу әдетіне айналған колхозшылар егіннен мол өнім алу жолындағы күрестің жауапты кезеңі — көктемгі егіс жұмыстарына зор ұйымшылдықпен кірісіп, оны үлгіле аяқтады. Колхоздың жұмыс жоспары бойынша егіс жоспарын 12 жұмыс күні ішінде орындауға тиісті едік. Колхоз егіншілерінің еңбектегі зор өрлеуі нәтижесінде, жоспар 10 жұмыс күні ішінде толық орындалып шықты.

Біз бұл табысқа қалай жеттік? Өткен жылы пар мен зяб жұрту жоспарын артығымен орындап, бйылығы жылдың егісіне керекті жерді мол әзірлеп қойғанбыз. Сонымен, бйыл көктемде бізде бір гектар жер жұртқанымыз жоқ. Бұл — егісті қысқа мерзімде аяқтауымызды басты себебі.

Көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы өткізу, көбінесе, трактор паркінің өнімді жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Сондықтан да колхоздағы барлық тракторлардың жақсы сағат механизміндей жұмыс істеуін қамтамасыз етуді алғашқы күндерден бастап ақ мықтап қолға алдық.

Біздің колхоздағы А. Меркер жолдас басқаратын трактор бригадасының барлық тракторшылары механизаторлар еңбегінің прогрессивтік әдісі — сағаттық графикпен жұмыс істеді. Мұның өзі тракторларды барлық жағынан тыңғылықты қамтуды талап етті. Сол себептен де, біз трактор бригадасын қамтушы адамдармен және көлік күшімен толық қамтамасыз еттік. Тіркеушілікке, тұқым себушілікке тәжірибелі, бірнеше жыл бойы осы жұмыстарда істеген колхозшылар бөлінді. Мұның өзі тракторшылардың сағаттық графикпен жұмыс істеуіне зор мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде бригададағы тракторшылардың көпшілігі еңбек өнімділігін арттыра отырып, зор табыстарға жетті. Тракторшы П. Шрам жолдас 3 тұқым сепкіш тіркелген «ДТ» тракторымен бір сменада 50 гектарға тұқым себу орнына, 55—60 гектар егістік алаңға тұқым сеуіп, тапсырманы үнемі артығымен орындап отырды. Сол сыяқты, тракторшы Г. Котляренко жолдас та тұқым себетін агрегатпен смена сайын 50—55 гектардан егіс егуге жетісті. Тракторшылар К. Окс, Рачинский жолдастар да жақсы көрсеткіштерге ие болғандар.

Еңбекті дұрыс ұйымдастыру — табыс кілті. Колхоз басқармасы егістің алғашқы күндерінен бастап еңбекті дұрыс ұйымдастыру, еңбек тәртібін күшейту

мәселелерін колхозшы теріне тыда жұмыс орынсыз а Мұның өзі жұмыс істе іске жауап тесті.

Мұнымен уақытылы орындалуы үшін біз к дірістік мә лдің жұмыс алдағы мі Өндірістік ыме қарқы ұсыныстар дірістік мә өткізілді. Е Лисовик, П ты көптеге еңбектің те Колхоз б гіді участо мен бірге, үшін кезе се, басқарм С. Рябко л ған міндет ді. С. Ряб ретаттарды

тіп, дамытыла берсін

коллектив-
н орнатып
уалар пат
нетіндігін
шаруалар-
құрылы-
оркентетуге
торлығына
к Отан-
еңбек
ыл шар-
ерінің ку
ның игі-
т қызыл-
түсімділі-
ар өлкесі
сыйыр
тін жаңа
ың жа-
Еңбек
а Гона-
ан Сам
ың бірін
гүлденуі
салтанат
салқымен
белсене
қтық сұ-
куатын
тен ті-
сұрылыс-
бағыттал
ті-үстіне
ді. Совет
туды бұ-
ігі өмір-
ете ма-
табыла-

жаудың халықтар арасында алауыздық тығыздауға, орыс емес ұлттардың халықтарын ұды орыс халқынан және оның мәдениетінен, орыс мәдениеті мен дүние жүзі мәдениетінің ең жоғарғы табысы— ленинизмнен бөліп әкетуге тырысқан титтей әрекетін болса да аяусыз әшкере-лен, түп-тамырымен құртып отырады.

Қазақстанның тарих-ғылымына, әде-биеті мен искусствосына қазақ халқы мен орыс халқының достығын бұзуға ба-ғытталған ұлтшылдық идеясымақтарды өткізбекші болған жеке буржуазияшыл ұлтшылдардың әрекеттерін БК(б)П Орта-лық Комитетінің жәрдемімен және рес-публиканың қалың жұртшылығының қолдауымен Қазақстан партия ұйымдары-ның батыл әшкерелегендігі буржуазия-шыл ұлтшылдықтың белгілеріне қарсы күрестің үлгісі бола алады. ССРО хал-ықтары ұлтшылдықтың және оның екінші жағы— космополитизмнің қандай белгілерімен болса да бітпеспейді. Космо-политизм — американ империализмінің реакцияшыл идеологиясы.

Демократия мен социализм лагерінің азғындаған космополитизм идеологиясына қарсы күресіндегі күшті құрал—совет елінде бекіп, бір өзі үстем болып отырған халықтар достығы мен тең правосылығы-ның идеологиясы болып табылады. Хал-ықтар достығы —советтік өмірге бейім патриотизмнің өте маңызды негіздері мен қайнар бұлағының бірі.

Советтік патриотизм өзінің туған еліне жалынды сүйіспеншілік қана емес, соны мен бірге барлық елдердің еңбекшілерін туысқандықпен қолдаушылық деген сөз. Советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализмді бір-бірінен бөлуге болмайды. Совет халқы жаңа тұрмыс ор-натып жатқан халықтық демократия ел-дерінің еңбекшілеріне қалтқысыз жәрдем көрсетуде, барлық елдердің халықтары-ның правосы мен тәуелсіздігін кәдір-леуде, бүкіл прогресшіл адамзаттың бүкіл



Семейдің «Большевичка Украины» тігін фабрикасында жаңа конвейер орнатыл-ған. Бір мезгілде бірнеше түрлі бұйым-дар тігудің графигі жасалған.
СУРЕТТЕ: Семейдің тігін фабрикасы-ның жаңадан жабдықталған цехы. Сол жақта—стахановшы П. Будакова.
Суретті түсірген П. Федоров.
(ҚазТАГ-тің фотохроникасы).

Архангель селолық оқу үйінде

Архангель селолық оқу үйі—Петропавл ауданындағы таңдаулылардың бірі. Пар-тия ұйымының және селолық Советтің күнбе- күнгі көмегімен оқу үйінің мең-герушісі М. Салина жолдас мәдени-ағар-ту жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп ке-леді.

Кітапхана кең әрі жарық үйге орна-ласқан. Онда 1200 кітап бар, сондай-ақ орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдарды ал-ғызып тұрады. Кітапхананың оқу залы

Смирнов орта мектебіндегі кемшіліктер

Мұғалім өзінің терең білімділігімен, мәдениеттілігімен, кіршіпейл және еңбек сүйгіштігімен оқушылардың мінезіне, дүниеге көзқарасына әсер ете білумен қатар, ол партия саясатының жалынды үгітшісі, шебер насихатшысы да бола білуі керек. Мұндай дәрежеге жеткен оқытушы мектеп коллективінің көркі, еңбекшілердің сүйіктісі, партия ұйымы-ның сенімді көмекшісі болады. Тверити-нова жолдас, міне, осындай ұстаз.

Тверитинова жолдас Смирнов орта мектебінде жоғарғы кластарға орыс тілі пәнінен сабақ береді. Оның барлық жұ-мысы жоспарланған. Сабаққа үнемі әзірленіп келеді. Өзінің университеттік білімі барлығына қарамастан, ол үздік-сіз оқып жалпы және саяси білім дәре-жесін толықтырып отырады, мектептің өміріне белсене араласады. Сабақты қал-лай ұғымды етіп, терең түсіндіре білсе, еңбекшілер алдында жақсы лекция оқып, баяндамалар да жасай біледі. Гоголь туралы, коммунизмнің алып құры-лыстары туралы Александра Викторовна жасаған баяндамалар тыңдаушыларға көп жаңа мағлұмат берді, жақсы әсер қалдырды.

Химиядан сабақ беретін Ю. В. Ефимова жолдас та таңдаулы мұғалімалардың бірі. Сол сыяқты, жас мұғалім Ә. Мұсаха-нов жолдасын да қазақ әдебиетінен са-бақ беруі жақсы.

Бірақ, Смирнов орта мектебінің жұ-мысында кемшіліктер мен қателіктер, сабағын нашар оқытатын мұғалімдер де жоқ емес. Ол кемшіліктер мен қателік-тер әбден елерліктей болғандықтан ке-лешекте Смирнов мектебі аудандық партия комитеті мен аудандық оқу бө-лімі тарапынан басшылықтың негізінен жақсартылуын керек етеді.

Ол кемшіліктер мен қателіктер қан-дай?

Бұл мектептің жоғарғы кластарында ССРО халықтарының тарихы мен геогра-

фиялардың жауап беруі қанағаттанғысыз, түсініктері шалағай болды. Оқушылар қойылған сұраққа қайтарған жауапта-рының дұрыстығына сенерін де, сенбесін де білмейді. 9 класта Есентемірова және Лесик сыяқты оқушылар бірінші орыс революциясының Турция мен Пранға тигізген ықпалын айта алмады. Бұл сұраққа бірде-бір оқушы қанағаттанар-лық жауап берген жоқ. Мұғалім оқушы-лардың жауаптарын талдап, сабаққа кө-рытынды жасамады, оқушыларға түсі-ніксіз болған сұрақтар түсініксіз қал-пында қалып қойды.

Смирнов орта мектебінің оқушылары арасында тәлім-тәрбие жұмысы көңіл-дегідей емес. Қазақ қыз балалары ара-сында тәрбие жұмысы қанағаттанғысыз. Осының салдарынан үстіміздегі оқу жы-лында 8 класс оқушысы Күлжан Темір-ханова оқуды тастап, тұрмысқа шығып кеткен.

Мектеп пен оқушылардың туысқандар-ы арасында байланыс өте нашар. Туыс-қандар комитеті оқу жылы басында сай-ланғанмен, не мектеп директоры, не туысқандар комитетінің председатели Бордюкевич жолдас (ол аудандық фи-нанс бөлімінің меңгерушісі) бірде-бір рет жыйналыс шақырмаған. Емтиханға әзірлік кезінде де комитет жұмысын қолға алуды ойлаған ешкім жоқ.

Мектеп дирекциясы мен бастауыш партия ұйымы оқытушылар арасында саяси-тәрбие, үгіт-насихат жұмысын үнемі жүргізіп отыруға, оқытушылардың саяси және жалпы білім дәрежесін то-лықтыра берудің қамын әрдайым ойла-стырып отыруға міндетті еді. Бұл мін-детті мектеп директоры А. Бардаков, пар-тия ұйымының секретары З. Мұқатаев жолдастар орындаған ба? Жоқ, орындама-ған. Оқытушылар арасындағы жұмыс, олардың білімін көтеріп, мамандығын жетілдіре беру жөнінде көп қамқылдан

орыс халқының қалтқысыз көрсетіп отырған жәрдемімен бұрын артта қалған, феодалдық-көшпелі елді қуатты индустриялы — колхозды советтік социалистік республикаға айналдырғанын мақтанып отыр.

Бақытты кәзіргісі үшін, бұдан да бақытты болашағы үшін совет халқы өзінің анасы—Отанын шексіз сүйеді. Өзінің әр жақсы ой-пікірін ол Отанға арнайды, өзінің барлық күшін, білімін, еңбегін Отанының көркеюіне жұмсауда.

Өзінің сүйікті Отанының игілігіне Совет Одағы еңбекшілерінің алдыңғы отряды — даңқты жұмысшы табы ынты-жібеге ермен еңбек етуде. Жоғары патриоттық сезіммен рухтанған жұмысшы табы жылдан-жылға еңбек өнімділігін арттыруда, өндіріс технологиясын жетілдіруде, өнімнің сапасын барынша жақсартып, оның өнімділік бағасын кеміту жолында, шикізат пен материалдарды үнемдеу жолында, өндіріс мәдениетін бұрынғыдан да арттыру жолында күресуде.

Жұмысшы табының ерлік еңбегінің нәтижесінде соғыстан кейінгі уақытта СРО-да өнеркәсіп өнімінің дәрежесі 940 жылғымен салыстырғанда екі есе артты.

Қазақстанның жас жұмысшы табы мен техникалық интеллигенциясы коммунистік құрылыс ісіне едәуір үлес қосуда. Азамат патриоттар, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары теміржолшы М. Қаптаев пен Н. Милейконың күрделі автостаноктарды жасаушы А. Борисовтың, В. Ружейниковтың, А. Сопляковтың, Л. Верекиннің есімдері бүкіл елімізге мәлім. Өздерінің атақты жерлестерінен үлгі алып, республика өнеркәсібінің аралық қызметкерлері еңбек өнімділігін арттыру қарқынын үдетуде.

Жұмысшы табымен бірге, помещиктік-улақтық және феодалдық-байлық езуді

виктік партия мен совет үкметіне жалынды сүйіспеншілігінің дәлелі болып табылады. Бұл документтер совет адамдарының өздерінің социалистік Отаны үшін ұлттық мақтаныш сезіміне толы.

Барлық партия ұйымдарының міндеті — совет халқының туысқан коммунистік партияға, партияның және халықтың кеңескер көсемі Н. В. Сталин жолдасқа ұлы сүйіспеншілігінің патриоттық сезімін бұдан былай да күшейтіп, нығайтып отыру болып табылады.

Советтік патриотизмді күшейтіп, дамытып отыру деген сөз — совет халқы пролетарлық интернационализм сезімінде рухында және біздің Отанымыз бен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің жауларына үнемі мейрімсіз өшпенділік рухында тәрбиелеп отыру деген сөз.

ССРО халықтарының мызғымас Лениндік-сталиндік достығын орнатуда ұлы орыс халқы бірінші дәрежелі роль атқарды. Буржуазиялық-помещиктік және феодалдық-байлық озбырлық жылдарының өзінде-ақ Россияның барлық ұлттарының еңбекшілері өздерінің бостандығын, сәулетті болашағын ұлы орыс халқымен, оның авангарды — жұмысшы табымен топтасуға байланысты екеніне көзі жетті.

Большевиктер партиясының басшылығы мен Россияның еңбекшілері ұлы орыс халқының бастауымен әдеулеттік және ұлттық езудің бұғауын бұзды, совет өкметін орнатты, социализм орнатты. ССРО еңбекшілері халықтар достығын көздерінің қарашығындай қорғауда, өйткені бұл достық бар тұрғанда бізге ешқандай жаулар қорқынышты емес деген Сталин жолдасның нұсқауын еңбекшілер жақсы біледі.

Сондықтан олар буржуазиялық ұлтшылдықтың титтей белгісін болса да,

Партия ұйымдарының қолында өмірге бейім советтік патриотизмге үйретуді және оны дамытуды күшті құралы — Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің данышпандық еңбектері бар. Марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау және бұл идеяларды барлық совет адамдарының терең ұғынуы еңбекшілердің коммунизм салтанатына сенімін бұрынғыдан да арттырады.

Большевиктер партиясы еңбекшілер бұқараына коммунистік тәрбие беру және халыққа жалпы білім беру жөнінде аса зор, саналуан жұмыс жүргізіп отыр. Біздің елімізде көптеген партиялық, ғылыми және көркем әдебиет, газеттер мен журналдар шығады, көптеген жоғары дәрежелі оқу орындары, орта дәрежелі оқу орындары, мектептер, театрлар, мәдениет сарайлары, кітапханалар, қызыл отаулар жұмыс істейді. Көптеген адамдар партия оқуы үйірмелерінде, мектептер мен кешкі университеттерде оқиды. Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде лекциялық насихаттың және бұқаралық-саяси жұмыстың аса зор маңызы бар.

Партия ұйымдары советтік патриотизмді бұрынғыдан әрі күшейтіп дамытып отыру үшін коммунистік тәрбие берудің осы құралдарының бәрін барлық жағынан бірдей, толық пайдаланып отыруға тиіс.

Қазақстанның барлық партия ұйымдарының құрметті борышы — республиканың еңбекшілерін бұдан былайғы уақытта да советтік ұлттық мақтаныштың, намыс пен қасиеттің ізгі сезіміне, Отанға шексіз берілгендікке, өздерінің социалистік Отаны үшін мақтаныш сезіміне, Лениннің — Сталиннің ұлы партиясына шын сүйіспеншілікке тәрбиелеп отыру болып табылады.

рын оқып жүр.

Н. БАЗИЛИН.

МЕКТЕП ДРАМА ҮЙІРМЕСІ

Соколов орта мектебінде бірнеше жылдан бері драма үйірмесі жұмыс істеп келеді. Оның құрамында 23 адам бар. Олардың көпшілігі көркемөнер үйірмесінде 4—5 жылдан бері мүше. Үйірме жұмыс істей бастағаннан бері аудандық мәдениет Үйінде ондаған пьеса қойып көрсетті. Олардың ішінде «Америка дауысы», «Бейбітшілік эстафетасы», «Алқызыл гүл», «Қаховка» және басқа пьесалар бар.

«ПОБЕДА» АВТОМАШИНАСЫН АЛДЫ

Полудень ауданындағы Чапаев атындағы колхоз жуырда «Победа» автомашинасын сатып алды.

Кәзір колхозда 3 автомашина бар. Оның ішінде «ГАЗ-51» жүк машинасы, «Победа» бар. Сол сыяқты, колхоз «ХТЗ» тракторын сатып алып, оны көмекші шаруашылыққа пайдалануға берді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯ

БЕРЛИН, 12 май.

агентігі Батыс Германия Эссен қаласында Бонн тиілттық саясатына қарсы жасалынуына қатысты» жасалынуына қатысты білдіру, Германиямен жасасуды және бір тұтағын демократияшыл Германиямен жасасуды талап ету сөзін қарды. Слетке Батыс Германияның әрбір ауылдан аса жастар мен қаласына қарай ағылды.

Бонн өкмет орындары тиіым салды. Бұған қатысты бейбітшілікті сақтау үшін қалпына келтіру жолын батыл еркін демонстрация Германияның әрбір ауылдан аса жастар мен қаласына қарай ағылды.

Қарусыз жастарға қарсы төстеушілері Бохум, Дордорт, Мюнстер және батыс жастардың демонстрациясын беру үшін мындаған пол

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын

«АЛМАС»

Сеанс сағат 4- те басталды.

«ОКТАБРЬ» кино

Бүгін және күн сайын

«ТӨРТТІН ЖҮ

Сеанстар сағат 4-6-да

«КОМСОМОЛКА» ТІГІН ФАБРИКАСЫНА

бас бухгалтер және үнемдеуші
КЕРЕК.

Қызмет жайы жөнінде Ленин көшесі, 2-үйден, фабриканың кадр бөліміне келіп түсінік алуға болады.

Чиста облысы, Борзя рушы Павел Анисимович Петропавл қаласы, Пушкин үйде тұрушы Александр Калашниковадан айырыла арыз берді.

Іс Петропавл қаласында халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілі